

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



# «EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№2 (30) сәуір-маусым 2022

ISSN 2710-3994

**Бас редактор:**

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

**Редакциялық алқа:**

*Абашиин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)*

*Аяган Бүркітбай Фелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)*

*Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*

*Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*

*Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*

*Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*

*Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*

*Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)*

*Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*

*Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*

*Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*

*Матыжанов Кенжехан Исламжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*

*Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvyus Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*

*Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*

*Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*

*Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*

*Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

**Жауапты редактор:**

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

**Ғылыми редактор:**

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

**Редактор:**

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

**Жауапты хатшы:**

Қоңқабаева Арайлым

**Техникалық хатшы:**

Хумарзах Алтынбек

**Главный редактор:**  
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**

*Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*

*Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*

*Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*

*Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*

*Аязан Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*

*Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*

*Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*

*Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*

*Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*

*Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*

*Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*

*Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*

*Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*

*Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)*

*Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*

*Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*

*Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*

*Таймагамбетов Жакен Кожакметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)*

**Ответственный редактор:**  
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

**Научный редактор:**  
Козыбаева Махаббат Маликовна

**Редактор:**  
Кубеев Рустан Джаулыбайулы

**Ответственный секретарь:**  
Конкабаева Арайлым Нурболатовна

**Технический секретарь:**  
Хумарзах Алтынбек



**Editor-In-Chief:**

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

**Members of editorial board:**

*Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)*

*Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)*

*Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

*Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)*

*Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)*

*Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)*

*Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)*

*Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)*

*Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)*

*Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)*

*Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)*

*Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)*

*Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)*

*Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)*

*Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

**Executive Editor:**

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

**Scientific Editor:**

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

**Editor:**

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

**Executive Secretary**

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

**Technical secretary:**

Khumarzak Altynbek

[https://doi.org/10.51943/2710-3994\\_2022\\_30\\_2\\_101-111](https://doi.org/10.51943/2710-3994_2022_30_2_101-111)

**FTAMP 03.00.20**

## ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН, АХМЕТ БАЙТҮРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНІҢ ФЕНОМЕНІ

Жүсіп Сұлтан-Хан<sup>1</sup> , М.М. Қозыбаева<sup>2</sup> 

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Алаш» ҒЗИ. Қазақстан, Нұр-Сұлтан;

<sup>2</sup>Нұр-Сұлтан қаласындағы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты филиалы. Қазақстан, Нұр-Сұлтан.

\* Автор-корреспондент

E-mail: prahacz2002@gmail.com (Жүсіп), koz.mahabbat\_85@mail.ru (Қозыбаева).

**Андатпа.** Мақалада авторлар «Қазақ» газетінің маңызды қоғамдық-саяси орган ретінде қалыптасуына Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынұлының ықпалы туралы мәселе көтереді. Орынборда 5 жыл бойы А. Байтұрсынұлының редакторлығымен шығып тұрған тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газеті қазақ өлкесінің қоғамдық-саяси, Ресей империясының ішкі істері мен халықаралық жағдай, оқу-ағарту, ғылым, көшпелі де отырықшы мал және егін шаруашылықтары, мәдениет, тіпті адам құқы, әйел теңдігі салаларын түгел қамтыған әмбебап мерзімді басылымға айналып, 1913-1918 жылдар бойы бүкіл Қазақ даласының қоғамдық пікіріне жалғыз өзі үстемдік орнатты. Зерттеушілердің пікірінше, «Қазақ» газеті мен «Алаш» қайраткерлері қазақ қоғамында «мәдени ренессанс» жасады, заманауи қазақ мемлекетін құрды. Тұңғыш жалпыұлттық әрі халықаралық «Қазақ» газетінің қазақ халқы мен қазіргі Қазақ мемлекеті алдындағы өшпес тарихи рөлі мен маңызын асыра бағалау мүмкін емес.

**Түйін сөздер:** «Алаш» қозғалысы, «Қазақ» газеті, ұлттық идея, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, мәдени ренессанс, ұлттық автономия, кеңес өкіметі.

**МРНТИ 03.00.20**

## АЛИХАН БУКЕЙХАН, АХМЕТ БАЙТУРСЫНУЛЫ И ФЕНОМЕН ГАЗЕТЫ «ҚАЗАҚ»

Жусип Сұлтан-Хан<sup>1</sup>, М.М. Козыбаева<sup>2</sup>\*

<sup>1</sup>НИИ «Алаш» Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева.

Казахстан, Нур-Султан;

<sup>2</sup>Филиал Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова в г. Нур-Султан.

Казахстан, Нур-Султан.

\*Корреспондирующий автор

E-mail: prahacz2002@gmail.com (Жусип), koz.mahabbat\_85@mail.ru (Козыбаева).

**Аннотация.** В статье авторы поднимают вопрос о влиянии Алихана Букейзхана и Ахмета Байтұрсынұлы на формирование газеты «Казах» как важного общественно-политического органа. Первая общенациональная газета «Казах», издаваемая в Орынборе за 5 лет под редакцией Ахмета Байтұрсынұлы, освещала общественно-политические вопросы Казахского края, внутренние дела Российской империи и ее международное положение, образование, науку, кочевое и оседлое животноводство и земледелие, культуру, права человека, равноправие женщин, превратилось в универсальное периодическое издание, охватывающее все сферы, и в течение 1913-1918 годов единолично господствовало в общественном мнении всей казахской степи. По мнению исследователей, газета «Казах» и деятели движения «Алаш» создали «культурный ренессанс» в казахском обществе и заложили основу современному казахскому государству. Неизгладимую

историческую роль и значение первой общенациональной и международной газеты «Казак» для казахского народа и современного казахского государства невозможно переоценить.

**Ключевые слова:** движение «Алаш», газета «Қазақ», национальная идея, Алихан Букейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, культурный ренессанс, национальная автономия, советская власть.

IRSTI 03.00.20

## ALIKHAN BUKEYKHAN, AKHMET BAITURSYNULY AND THE PHENOMENON OF THE NEWSPAPER «KAZAKH»

Zhussip Sultan-Khan<sup>1</sup>, M.M. Kozybayeva<sup>2\*</sup>

<sup>1</sup>Research Institute "Alash" of the L.N. Gumilyov Eurasian National University.  
Nur-Sultan, Kazakhstan;

<sup>2</sup>Nur-Sultan branch of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology.  
Nur-Sultan, Kazakhstan.

\*Corresponding author

E-mail: prahacz2002@gmail.com (Zhussip), koz.mahabbat\_85@mail.ru (Kozybayeva).

**Abstract.** In the article, the authors raise the question of the influence of Alikhan Bukeizkhan and Ahmet Baitursynuly on the formation of the newspaper "Kazakh" as an important public and political body. The first national newspaper "Kazakh", published in Orynbor for 5 years under the editorship of Akhmet Baitursynuly, covered the socio-political issues of the Kazakh region, the internal affairs of the Russian Empire and its international position, education, science, nomadic and settled animal husbandry and agriculture, culture, human rights, the equality of women, turned into a universal periodical covering all areas, and during the years 1913-1918 single-handedly dominated the public opinion of the entire Kazakh steppe. According to researchers, the Kazakh newspaper and the leaders of the Alash movement created a "cultural renaissance" in Kazakh society and laid the foundation for the modern Kazakh state. The indelible historical role and importance of the first national and international newspaper "Kazakh" for the Kazakh people and the modern Kazakh state cannot be overestimated.

**Key words:** Alash movement, Kazakh newspaper, national idea, Alikhan Bukeihan, Ahmet Baitursynuly, cultural renaissance, national autonomy, Soviet power.

**Кіріспе.** 1913-1918 жылдары Орынборда шығып тұрған тұңғыш жалпыұлттық әрі халықаралық «Қазақ» газетінің қазақ халқы мен қазіргі Қазақ мемлекеті алдындағы өшпес тарихи рөлі мен маңызын асыра бағалау мүмкін емес. «Өшпес тарихи рөлі мен маңызы» деп күр сөзбен шектелмей, қысқаша шолып өтейін. 1913 жылдың 2 ақпанынан 1918 жылдың қаңтарына дейін «Қазақ» газетінің 260 саны үзілмей шығып тұрып, қаңтар айында Орынборға Кеңес әскері басып кірген соң, қазақтан шыққан тұңғыш бөлшебек Әліби Жангелдин газет құрылтайшыларын тұтқындай алмай редакцияны қиратып, оның жалпы құны 106 мың рубльге бағаланған дүние-мүлкін талан-таражға салды, бөлшебек газеттеріне үлестіріп берді. 1918 жылдың шілде-қыркүйек айларында «Қазақтың» 261-266 саны үзіліп-үзіліп жарық көрді де, Орынбор біржола кеңес өкіметінің қолына өткен соң, жабылды.

**Материалдар мен зерттеу әдістері.** Осы мақаланы жазу үстінде авторлар іргелі ғылыми қағидалар ретінде ғылыми объективтілік пен тарихшылықты басшылыққа алды. Зерттеуде жалпы ғылыми және арнайы тарихи әдістер, ал жалпы ғылыми әдістерден – талдау, синтез, логикалық әдістер қолданылды. Арнайы-тарихи әдістер санатында авторлар тарихи-ретроспективті, тарихи-генетикалық, тарихи-типологиялық, тарихи-жүйелік әдістерге назар аударды. Тарихи зерттеудің жалпы ғылыми және арнайы әдістері де қолданылды, оларды қолдану тақырып бойынша бірқатар маңызды сұраққа жауап табуға мүмкіндік берді. Мақаланы жазу барысында ғылыми этиканың негізгі қағидалары мен интеллектуалдық адалдық пен әдептіліктің жоғары стандарттары сақталды. Мақала авторлары ғылыми деректерді қолдан жасау, бұрмалау,

плагиат, жалған авторлық және т.б. жағдайларға жол бермеді. Зерттеудің теориялық негізіне отандық ғалымдар – М. Қозыбаев (Қозыбаев, 1998), Қ. Нүрпейіс (Нүрпейісов, 1995), С. Аққұлұлы (Бөкейхан Ә., 1995), С. Смағұлова, Ғ. Әнес («Қазақ» газеті», 2015) және т.б.

**Талқылау.** 1917 жыл басында «Қазақ» редакциясы «Азамат» серіктестігінің мүшелері мен оқырмандарына баспахана сатып алуға көмек сұраған үндеу жолдады. Сол кезде серіктестік қоржынында 106 мүшесінен түскен 10 600 рубль қаражаты болды (Баспахана туралы, 1917, № 214: 4). І-дүниежүзілік соғыстың қарсаңында шағын баспахана 10 мың патша рубліндей болса, 1917 жылға қарай 20-30 мыңға дейін қымбаттады, ал ірі баспахана – 30-40 мыңнан асып жығылды («Азамат» серіктері, 1917, № 219: 4). «Қазақ» үндеуіне Шығыс Түркістан қазақтарынан 600 рубль, оның ішінде бір Құлжадан 6 қазақ 100 рубльден, Шымкенттен 100, Қарқаралы оязынан 4 кісі 100 рубльден, Ақмешіттен 100 («Қазақ» газеті, 1917, № 216: 4), Ақмола облысының Қызылжар (Петропавл) оязынан 1 мың, Пішпек оязының қырғызынан, Атбасардан, Сырдария облысының Қазалы оязынан 100-100 рубльден, Аягөзден, Ақтөбеден («Қазақ» басқармасы, 1917, № 219: 3), тіпті І-дүниежүзілік соғыс майданында Қостанай оязы Кеңарал болысынан барып, 16-дружина 210 партиясында окоп, траншея, блиндаж қазып жүрген жігіттерден 103 рубль және т.б. қаншама қазақ «Азамат» серіктестігіне мүшелікке кіріп, жарна аударумен жауап қатты. Нәтижесінде, М. Дулатұлы өзінің «Қазақ» баспаханасы» атты мақаласында: *«Жаңа арада «Азамат» серіктігі атына «Қазақ» газеті үшін 30 мың сомға баспахана алдық. Баспахананың екі машинасы бар, орысша харфтері мол, саймандары түгел құрулы. Мұсылманша харфті Қазаннан алдырғалы тұрмыз, заказ беріп қойдық. Сүйтіп барлығы 40 мың сомға түскен қазақша һәм орысша басатын баспаханамыз болды»,* - деп хабарлады (Міржақып, 1917, № 239: 1).

Алдыңғы қазақ басылымдарының бірі де сапасы, көтерген тақырыптарының өзектілігі, таралымы, оқырман аудиториясы, әсіресе бүкіл исі қазақ арасындағы ықпал-беделі жағынан А. Байтұрсынұлы бастаған «Қазақ» газетімен теңесе алмайтын. Газеттің 5 жылғы тігіндісін парақтап шыққаннан-ақ «Қазақтың» Ұлы даланың қоғамдық-саяси, оның ішінде Ресейдің ішкі істері мен халықаралық жағдай, оқу-ағарту, ғылым, денсаулық, көшпелі де отырықшы мал және егін шаруашылықтары, мәдениет, тіпті адам құқы, әйел теңдігі салаларын түгел қамтыған әмбебап мерзімді басылым болғанына көз жеткіземіз. ХХІ ғасыр басындағы Тәуелсіз Қазақстанның ондаған телеарнасы, қазақ, орыс және басқа тілдердегі мыңдаған мерзімді қоғамдық, әдеби, ғылыми басылымдары, электрондық БАҚ-тардың қазіргі қоғамдағы беделі мен ықпалы – одан 100 жыл бұрынғы бір «Қазақ» газетінің абырой-беделімен, ықпалымен салыстыруға келмейді. «Қазақ» 1913-1918 жылдар бойы бүкіл Қазақ даласының қоғамдық пікірі мен көзқарасына бірден-бір үстемдік етті.

Алғашқы жылдары «Қазақ» 3 мыңдай данамен шығып тұрса, Сорбонна университеті ғалымдарының мәліметінше, 1916-1917 жылға қарай 8 мың данамен (Беннигсен, Лемерсье-Келькежей, 1964), яғни өзіне дейінгі басылымдардың бәрін қосқанда да артық данамен таралды. Көп ұзамай газет сандарын Шығыс Түркістан қазақтары, төңкеріске дейін Жетісу облысына қараған Пішпек оязының (қазіргі Қырғыз Республикасы) қырғызы, өзбек оқығандары, Самар, Уфа губернелерінің башқұрты мен башқұртанған қазағы, Варшава, Киев, С.-Петербург, Мәскеу, Қазан, Томскі ЖОО-ларында және Самарқанд, Бұқара, Стамбұл медреселеріндегі қазақ жастары жаздырып алып тұрды. 1916-1917 жылдары І-дүниежүзілік соғыста Ресей империясының Минскі, Киевтен Ригаға дейін созылған Батыс, Солтүстік-Батыс және Солтүстік майдандарында окоп-траншея қазған 100 мыңдаған қазақ азаматы мен оларға қамқор болған бүкілресейлік «ЗемГорОдағы» «Бұратана бөлімінің» Ә.Н. Бөкейхан бастаған «Алаш» зиялылары мен студент жастары үзбей оқыды (Жүсіп, Маслов, 2021). Осылайша жалпыұлттық «Қазақ» газеті – тұңғыш жалпыұлттықтан халықаралық басылымға айналды.

**Нәтиже.** А. Байтұрсынұлының «Қазақ» редакциясы бір газет шығарумен ғана шектелмеді. Қазақтың тұңғыш зайырлы мектебіне арналған ұлт тіліндегі тұңғыш оқулықтар, көркем шығарма мен аударма, әдебиеттану, фольклортану, ұлт тарихы туралы ғылыми зерттеулерін өздері жазып, ақын-жазушылардың шығармалары, ауыз әдебиеті үлгілері жинақтарын кітап етіп шығарды. Мысалы А. Байтұрсынұлының 1- және 2-сынып оқушыларына арналған «Әліппе» және «Тіл құрал» оқулықтары, М. Дулатұлының бастауыш мектептің 1-және 2 жылында оқитын «Есеп



күралдары»; көркем шығармалардан Ғ. Қараштың «Аға түлпар» өлеңдер жинағы, Б. Өтетілеуұлының «Жиған-терген», Ахаңның «Маса», Міржақыптың «Бақытсыз Жамал» романы, «Терме» және «Азамат» өлеңдер жинағы, Ш. Құдайбердіұлының «Қалқаман – Мамыры» және т.б. газеттің әрбір санында *«Бұл кітаптар ешкімге ақшасыз жіберілмейді... Сондықтан тиісті бағасына лайықтап марка жіберу керек. Кітапшыларға һәм 10 кітаптан артық аударушыларға сомынан 30 тиын кемітіледі. Адрес мынау: Оренбург, редакция газеті «Қазақ». [«Қазақ»] басқармасында сатылатын кітаптар»* деген жарнамалар беріліп тұрды («Қазақ» газеті, 1915, № 150: 4).

«Қазақ»-тың ұлтының мәдени қайта жаңғыруы жолында атқарған тағы бір игі ісі бар. Ол – кедей балаларының білім алуы үшін қаржы-қаражатқа мұқтаж балаларына жәрдем беруі. «Қазақ» редакциясы «мұқтаж оқушыларға жәрдем» науқанын ұйымдастырып, елдің түкпір-түкпірінен 50 тиын, 1-3-5 сомдап қанша қаржы жиналғанын, қай оқушыға не студентке қанша көмек берілгенін газет беттерінде үзбей жариялап тұрды. Мысалға, газеттің әрбір кезекті санында: «1) Орынбордағы «Медресе Заһдия» шәкірті Сапарғали Бердімұратұлына 45 сом... 3) Семейдегі торговый школ шәкірті Ғұмыр Юнісұлына 30 сом 21 тиын; 4) Електегі педагогический курс шәкірті Файзулла Османұлына 30 сом 11 тиын; 5) Ақтөбедегі 2 класты школ шәкірті Сыдық Яқұпұлына – 22 сом 11 тиын; 6) Паулодардағы педагогически курс шәкірті Қауан Босықбайұлына - 45 сом 21 тиын...», - деген сияқты құлақтандыру жарияланатын (Жәрдем берілген, 1917, № 220: 4).

*«Оренбург, - деп жазды М. Шоқай бір естелігінде, - столица оренбургского казачества, выросшая на башкирской земле. Население города – татары, русские и казаки. Наших же казахов в этом городе – всего несколько семей... Но самым важным было и то, что в Оренбурге проживали наиболее выдающиеся и талантливые писатели и деятели – Байтурсынулы Ахмет и Дулатулы Мир-Якуб... Здесь выходила еженедельная газета «Казак», благодаря талантливому руководству Ахмета и Мир-Якуба приобретшая чрезвычайно большое влияние на казахские массы. Вот почему ЧУЖОЙ Оренбург стал временным руководящим центром национального движения казахов. Вот почему I революционный съезд казахов был созван здесь»* (Шоқай, 2014: 243-244).

М. Шоқайдың бұл пікірін толықтыра кетсек, Орынбор – қазақ ұлт-азаттық қозғалысының жетекші орталығы болса, ал «Қазақ» газетінің редакциясы – бүкіл Ұлы қазақ даласының бірден-бір оқу-ағарту, мәдениет, ғылыми-зерттеу ұлттық орталығына айналды. Халел Досмұхаметұлының 1930 жылы НКВД тергеушісіне: *«Появилась в Оренбурге газета «Казак», во главе которой стали А. Байтурсынов и М. Дулатов... Т. о. возник центр, объединивший и руководивший тем слоем казахского населения, который был разбужен I-ой русской революцией. Газета давала руководящие статьи по политической жизни казахов, открывала дискуссии и была объединителем тогдашней политической мысли»*, - деп мәлімдеуі тағы бір дәлел (Движение Алаш. 2011: 109-110).

Міне «Қазақты» 5 жыл бойы үзілісіз басқарған А. Байтұрсынұлының ұлт мүддесіне сіңірген еңбегінің маңызы мен рөлін «Алаш» көшбасшысы Әлиханнан артық әділ бағалалаған қайраткер жоқ деуге болады. Патшалық биліктің «Қазаққа» салған кезекті қомақты айыппұлын төлей алмай, газетті жабылудан құтқару үшін өзі абақтыға отырған 1914 жылы, Әлихан екі адал үзеңгілесінің рухын көтеру үшін былай деп жазды: *«Орысқа газета, журнал шығарып жол ашқан А.Н. Радищев абақтыға жабылып, 10 жыл Сібірге айдалған. Осы Радищев замандасы, тағы орысқа газет, журнал шығарып Еуропа жолын ашқан Н.И. Новиков Шлиссельбург деген зор қиын абақтыда 15 жыл отырған. Бауырым, Ахмет, Мирякуб! Сен екеуіңнің абақтың Радищев пен Новиков абақтысы... 18 ғасырда «ақыл патшасы» атанған француз Вольтер еді. Осы Вольтер замандасы, Толстойға неше жол көрсеткен француз Руссо, тағы осы екеуінің замандасы философ Дидро абақтыда жатқан. Біздің Ресейде абақтыға жатпаған жақсы адам кем. Жазушы Достоевский, Потанин, Короленко, Чернышевский, Морозов абақтыда жатқан... Салтыков, Герцен, Пушкин, Лермонтов, Тургеневтер айдалған»* (Қыр баласы, 1914, № 54: 4 б.).

1930-жылдары Астраханда саяси айдауда жүрген Ахметті босату үшін Әлихан Халықаралық Қызыл Крест комитетінің Мәскеудегі өкілі Екатерина Пешковаға өзінің адал үзеңгілесін былай



сипаттап жазды: «Он просветитель казахского народа. Байтурсынов - Кирилл и Мефодий, Новиков и Радищев своего народа. Он создал азбуку, которая по мнению профессора Молло, лучшая из Азбук... Байтурсынов А. автор грамматики, синтаксиса, букваря, хрестоматий на казахском языке. Он Наркомпрос Казакской АССР, многолетний в 1920-1928 г., до ареста его, председатель научной при НарКомПроме комиссии... Он, Б.А., редактор, издатель и создатель единственной тогда казахской газеты "Казак". [В] 1913-1918 гг., в старое время, не было казака, который не читал и не знал этой газеты. Когда в 1916 г. Оренбургский губернатор трижды оштрафовал "Казак" на 4500 руб., то эти деньги переводились читателями по телеграфу долями по 5, 10, 50, 100 руб. и спасали от тюрьмы редактора Аханг (уважительно-ласкательное от Ахмета). Судьба Байтурсынова А. схожа с судьбой Н.Г. Чернышевского, как он Байтурсунов Ахмет, бесстрашный пророк своих убеждений, как он, кабинетный работник, как он - страх власти. Я знаю Н.Г. Чернышевского и не боюсь с ним сравнивать Байтурсынова А., так как его так же знаю» (Қойгелдиев, 2016: 1-2).

Ең бастысы - «Қазақ» газеті мен «Алаш» идеясын, қозғалысын, партиясын, 1917-1920 жылдары жасаған Алаш Ұлттық Жерлі Республикасын (аутономия болу, Әлихан Бөкейхан 1917 жылы мәлімдегендей, дербес мемлекет болу) (Қыр баласы, 1917, № 251: 1) және қайраткерлерін бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. «Алаш»-ты тарихи құбылыс деп алсақ, «Қазақ» - осы тарихи құбылыстың өзі, баспасөз құралы ретінде «Алаш» құбылысының ақыл-ойы, ұлттық сана-сезімі, көзі, құлағы және тілі болды. Газеттің алғашқы сандарының бірінде Түрік баласы: «Қияметке шейін қазақ қазақ болып жасамақ. Осы гасырдағы әлем жарығына қазақ көзін ашып, бетін түзесе, өзінің қазақшылығын жоғалтпағандай, және өзіміздің ширақ әдетіне ыңғайлы қылып «Қазақ мәдениеті[н]» (Казакская культура) құрып, бір жағынан «Қазақ әдебиеті[н]» (Казакская литература) тұрғызып, қазақшылығын сақтамақшы» («Қазақ» газеті, 2015), - деп жазғанындай, газеттің «Қазақ» атауының өзі «Алаш» идеясы болатын.

Өзінің атауымен Ұлы дала халқының «Қазақ» деген төл этнонимін қорғап, ата-бабадан қалған кең-байтақ жерін Ресейдің орыс келімсектерін қоныстандыратын отарлау саясатына табанды түрде қарсы тұрды. Екіншіден, алдыңғы басылымдарды саяси-діни қозғалыстың өкілдері шығарса, «Қазақты» - Әлихан Бөкейхан мен оның Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Райымжан Мәрсеқұлы сынды өздерін «батысшылдар» деп санаған ұлт зиялылары ұйымдастарды. Оған «Қазақ» пен «Айқап» құрылтайшылары арасындағы 1913-1915 жылдарғы қызу пікірталасы айқын дәлел. Француз ғалымдары А. Беннигсен мен Ш. Лемерсье-Келкеженің ортақ пікірінше, М. Жұмабайұлы, М. Дулатұлы, Х. Досмұхаметұлы, Е. Омарұлы, Ә.-Х. Жүндібайұлы, М. Тынышбайұлы және т.б.-ды қосқанда қазақтың барлық зиялысы газет авторларының қатарында болды. Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, Ш. Құдайбердіұлы және басқалар тарих, әдебиеттану, оқу-ағарту, ғылым, жер игеру және жалпы экономика туралы зерттеулерін осы жерде жариялады. Жалпы «Қазақ» газеті, француз ғалымдарының пікірінше, аса биік ғылыми деңгейге жетті (Беннигсен, Лемерсье-Келькежей, 1964). «Батысшылдар» көшпелі дәуірдің заманы өткен салт-дәстүр, ұлттық құндылық, көшпелі шаруашылық пен жалпы мәдениеттің орнына Қазақ қоғамына тың идея, салт-дәстүр, жаңа заман құндылықтарын, заманауи шаруашылық (экономика) пен мәдениет ұсынды. Қазақтың заманауи жазба әдеби тілін, ұлт әдебиетін, зайырлы білім-ғылым жүйесін, жалпы ұлт мәдениетін қалыптастырды, халықтың ұлттық сана-сезімін «Масадай» ызыңдап оятты. XX ғасыр басында «Қазақ» газеті Дала және Түркістан өлкелері мен 5 дербес облыс-оязға бөлініп, тарыдай шашылған халқын «Алаш» идеясы мен туы астына жинап, Қошқе Кемеңгерұлы атап көрсеткендей, «қазіргі қазақ ұлтын қалыптастырды». Бір сөзбен айтқанда, Оксфорд университеті Орта Азияны зерттеу орталығының пікірінше, «Қазақ» газеті мен «Алаш» қайраткерлері қазақ қоғамында «мәдени төңкеріс», «мәдени ренессанс» жасады (Общество изучения, 1985).

«Қазақ» газетінің халқы алдындағы тағы бір өшпес қызметі – қазақты «бұратана» есебінде І-дүниежүзілік соғыстың қара жұмысына күштеп жұмылдырған 1916 жылғы «25 маусым жарлығы» мен 1916 жылғы көтеріліс кезіндегі атқарған игі ісі. «Қазақ» газеті ұлттық мемлекеті, жанашыр үкіметі жоқ қазағын отаршыл империяның зұлым саясатынан қорғауға бар күш-жігерін салып, бейресми немесе «көлеңкедегі» ұлттық парламент пен үкіметтің міндетін қатар атқарды. 1916

жылдың 7 тамызында Орынборда 6 қазақ облысының өкілдерін жинап, бір жағынан қазақ халқының «25 маусым жарлығының» жөн-жосықсыз орындалуына қарсы көтерілгенін түсіндірді, екінші жағынан – халқын сабырлыққа үндеп, жарлыққа қарсы шықпай, ұлдарын қара жұмысқа жіберуге үгіттеп, газет бетінде «7 тамыз кеңесінің қаулысын» (Бөкейханов, т.б., 1916, № 192: 1) және «Алаштың азаматына!» (Әлихан, т.б., 1916, № 192: 1) мен «Қазақ жұртына!» атты үндеулерін жариялады (Әлихан, т.б., 1916, № 192: 1). Үшіншіден, отаршыл әкімшілікке қазақ шаруашылығын күйзелтпеу үшін жарлықтың орындалуын 1916 жылдың соңы мен келесі 1917 жылдың басына дейін ұзартуды және майданға алынған азаматтар мен олардың отбасыларына жеңілдік беруді сұраған қаулы қабылдады. Кеңестің ізінше «Қазақ» құрылтайшылары елді аралап, үгіт-насихат жүргізді. Ал қазақ жігіттері қан майданның қара жұмысына аттанғанда, Әлихан, Міржақып бастаған «Қазақ» құрылтайшылары, ұлт зиялылары мен Ресейдің әр түкпірінде оқитын студенттерін жинап, Ресейдің Батыс, Солтүстік және Солтүстік Батыс майдандары шептеріне аттанды. «Қазақ» майдандағы қазақ жігіттерінің тұрмысы мен қызметі туралы еліне үзбей хабар беріп тұрды. Осылайша «Қазақ» құрылтайшылары Ресейді 300 жылдан астам билеп-езген патшалық билікті құлатқан 1917 жылғы Ақпан төңкерісін адамзат тарихындағы ең қанқұйлы І-дүниежүзілік соғыстың қан майданында окоп қазған аға-інілерімен бірге қарсы алып, Минскі қаласынан қанішер патшаның құлағанынан бейхабар, Ұлы даласында шырт ұйқыда жатқан халқын жеделхатымен оятты.

Бұл жерде ғалымдар тарапынан осы күнге дейін ескерілмей келген мынадай тарихи фактыны ерекше атап өту керек. Батыс майданға өз ықтиярымен аттанып, окоп қазған қандастарын көзінің қарашығындай қорғап жүрген Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан II Николай патшаның тақтан кетіп, патшалық биліктің құлағанын ең алғаш білген санаулы қайраткердің бірі болды. Патша үкіметінің орнына жаңа ғана жасақталған бүкілресейлік Уақытша үкіметтің мүшесі, әділет министрі А. Керенский Петроградтан Батыс майдандағы Әлиханға жеделхат жолдап құлағдар етті (Байтурсунов, Дулатов, 1917, № 10: 1, 3-4). Ол жеделхаттың ізінше «Қазақ» газеті мен Ұлы қазақ даласының түкпір-түкпіріне - 25 мекенжайға мынадай жеделхат кетті: *«Росиядағы барша халыққа ағайындық, теңдік, бостандық күні туды... «Учредительное собрание» сайлауына қазақ болып қамдану керек. Жарамды, жақсы адамдарын ауызға ала беру керек. Енді араздық, өштік, дау-жанжал, талас, партиялық сыйыспауларды тастау керек. Көксерлік жұмыстарың – бірлік, адалдық болсын! Жер мәселесін де қозғап, тезірек қолға ала беріңдер! Біз қалайтын патшалық түрі - «ДЕМОКРАТИЧЕСКАЯ РЕСПУБЛИКА», яғни мал өсіріп, егін салып, жерге ие боларлық түрі. Құдайдан басқа ешкімнен қорықпаңдар! Түзулікпен іс етіңдер... өзіміздің майдандағы жұмысшыларымызға болысыңдар! Халықтың көңілін білдіріңдер!»* («Қазақ» газеті, 1917, № 223: 2 б.).

«Қазақ» газетінің ең басты да тарихқа алтын әрптермен жазылатын қызметі – қазақтың тұңғыш «Алаш» ұлттық либералдық-демократиялық партиясын құрып, оның ресми үгіт-насихат құралы ретінде бүкілресейлік құрылтай жиналысы сайлауында зор жеңіске жетуіне шексіз үлес қосты. 1847 жылы Кенесары ханның қайғылы қазасымен тарих сахнасынан біржола кеткен Қазақ хандығының жер аумағы мен үйіндісі үстінен арада тура 70 жыл өте заманауи ұлттық мемлекет болып іргетасын қайта көтерген Алаш Ұлттық Жерлі Республикасын құруға мұрындық болды және оның тұңғыш ресми баспасөзі міндетін атқарды.

Міне осынау тарихи фактылар бола тұрып, тәуелсіздіктің 30 жылында «Қазақ» газетіне лайықты тарихи, ғылыми және саяси бағасы берілді деп айта алмаймыз. «Қазақ» - лайықты бағасын өзінің тұңғыш редакторы болған Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толған мерейтойы аясында алады деп үміттенеміз.

Енді «Қазақ» газеті қалай дүниеге келді, соған қысқаша тоқталайың.

«Қазақ»-ты тұңғыш жалпыұлттық басылым деуге – оны шығару 1907 жылғы «Серке», «Қазақ газеті», 1911 жылғы «Қазақстан» газеттері мен «Айқап» журналынан бұрын қолға алынғаны айқын дәлел. Оған Әлиханның 1905 жылдың 11 мамырында Григорий Потанинге жазған хатындағы *«Нельзя не скорбеть, что на казакском языке нет газеты, которая могла бы объединить единомышленников и уничтожить массу бесполезной работы, необходимой при настоящих условиях...»* (ҚОӨМ, 1315 ж: 117) деген жолдарынан көз жеткіземіз. «При настоящих

условиях» деген сөзінің астарында «Алаш» қозғалысын айтып отырғанын Г. Потанинге жазған кезекті хатындағы *«В вопросах федеративного (союза) устройства русского государства каза'ки пойдут в рядах крайних областников. Я вступил в переписку с известными влиятельными каза'ками и надеюсь из них организовать отделение сибирского союза»* деген жолдарынан айқын аңғарамыз (ҚОӨМ, 1315: 119). Демек, Әлиханнның отаршыл Ресей империясын сонау 1905 жылы-ақ федерация етіп түбегейлі реформалау арқылы қазақ ұлттық мемлекетінің шаңырағын қайта көтеруді стратегиялық мақсат етіп алғанын, «Алаш» ұлт-азаттық қозғалысын ұйымдастырумен бірге, оның ресми үнқағазын да ашуды бірден жоспарлағанын байқаймыз. Ұлттық басылым шығару мәселесі сол жылдың маусымында отаршыл империя үкіметіне жолданған әйгілі «Қарқаралы құзырхатының» 3-тарауына: *«Для выяснения текущих нужд каза'кского народа необходимо издание газет на каза'кском языке, для чего потребуются установление явочного порядка на издание газет без предварительной цензуры и на открытие типографий»*, - деп ойып жазылды (Омск, 1906, № 32:1).

1905 жылдың соңында Санктпетербурлық «Наша жизнь» газеті: *«В период 17 октября [1905 г.] и после, Букейханов собирался издавать газету на каза'кском языке и уехал в степь, чтобы потолковать со своими земляками-каза'ками о предстоящих выборах и тех задачах, которые неотложны были для каза'кского народа»* деп жазды (Из Сибирской жизни, 1906: 3).

Міне бұл мәліметтерден бір-ақ тұжырым шығады: әу бастан-ақ «Алаш» қайраткерлері Әлихан, Ахмет қазақ тіліндегі «Қазақ» атаулы газетті реті келсе 18 ақпан жарлығы мен 17 қазан Манифесі берген азаттықты пайдаланып, 1905 жылдың соңында, реті келмесе – 1906 жылдың басында, яғни I Мемлекеттік дума сайлауының қарсаңында, бірақ Орынборда емес, Семейде, одан да нақтырақ айтсақ – 1917 жылдың мамыр айында атауы «Алаш» деп өзгертілген «Заречная слободка» кентінде басып шығаруды жоспарлағаны, Ахметтің өз сөзімен айтсақ, «сүттей ақ, айдай жарық». Бірақ Дала генерал-губернаторының қазақша газет шығаруға рұқсат бермесін де ескеріп, басқа қазақ облысында да қарама-қатар өтініш бергені байқалады. Қазақ жерін аяусыз билеп-төстеген отаршыл билік патшаның «17 қазан Манифесін» місе тұтпай, кешегі Қазақ хандығын Дала және Түркістан өлкелері мен Орынбор, Орал, Торғай, Закаспий сынды бірнеше дербес облысқа және Алтай өңірінің Бийскі, Змеингорскі және Барнауыл ояздарына ыдыратып, Қазақ еліндегі отарлау саясатын жалғастыра берді. Сол себепті 1905 жылдың 9 желтоқсанында «Қазақ» газетін шығаруға оның құрылтайшысы әрі меншік иесі ретінде Мұстафа Оразайұлына және редакторы ретінде Ахмет Байтұрсынұлына Семей облысы немесе Дала генерал-губернаторы емес, Орынбор облысының генерал-губернаторы рұқсат берді («Қазақ» газеті, 1998).

Ал Дала генерал-губернаторы қазақша газет шығаруға ғана емес, «17 қазан Манифесін» аяққа таптап, Мемлекеттік думаға Семей облысы қазағынан депутат сайлауға, турасын айтқанда – Әлиханнның депутат сайлануына барынша бөгет жасады. Алдымен 1906 жылдың 1 қаңтарынан бастап Дала өлкесіне «әскери тәртіп» орнатты (Бөкейхан Әлихан, 2017). Ізінше газеттің бас құрылтайшысы әрі Семей қазақтарынан I Дума депутаттығына түсуге бел буған Әлиханды 1906 жылдың 8 қаңтарында тұтқындап, не ресми айып тақпай, не тергемей, не соттамай 4 ай бойы Павлодар-Омбы абақтыларында ұстап, ақыр соңында оны туған Қазақ өлкесінен алысқа жер аударуды жоспарлады. Қазақтың 10-даған халық өкілі сайланған I және II Мемлекеттік думаны 1906-1907 жылдары мерзімінен бұрын 2 рет қуып таратып, II Дума таратылған 1907 жылдың 3 маусымында сайлау туралы ережеге қазақ халқын сайлау құқынан айырған түзету енгізді. Ол жайында Әлихан 1910 жылғы «Қазақтар» атты тарихи-анықтамалық очеркінде: *«Закон 3 июня 1907 года лишил 4 j миллионную каза'кскую народность избирательных прав. Правительство, очевидно, сочло лишним присутствие в Государственной думе представителей от того народа, которого оно столь насильственно лишило собственных земель»*, - деп күйіне жазды (Букейханов, 1910). 1907-1910 жылдары «Қазақ» газетін ұйымдастырушы «Алаш» қайраткерлерін жаппай қудалады. Әлиханды II Дума депутаттығына түсуден бас тартуға мәжбүр етіп (Букей-Хановъ, 1907, № 7: 4), 1907 жылдың желтоқсанында «Выборг үндеуіне» қол қойып таратты» деген нақак айыппен сайлау құқынан айырып, қоғамдық қызмет атқаруға тыйым салып, 3 ай түрме жазасына кесті; Семейде түрме жазасын 3 ай емес, 8 ай өтеп шыққан 1908 жылдың желтоқсанында өзін «ит



жеккенге» айдауын тосып отырмай, өз бетінше алдымен С.-Петерборға, одан, 1917 жылы Ахмет пен Міржақып жазғандай, Самарға «эмиграцияға» кетті (Байтұрсунов, Дулатов, 1917, №10: 1, 3-4).

А. Байтұрсынұлы 1909 жылы тұтқындалып, 10 айдан соң ғана босатылып, Дала өлкесінде қалуға болмауы себепті өз тандауымен Орынборға қоныс аударды (РФМА, 2881:38).

Ж. Ақбайұлы - Қарқаралыдағы митингіге қатысқаны үшін істі болып, I және II Дума сайлауына жіберілмей, алдымен Якутияға жер аударылды.

М. Дулатұлы да «Оян, қазақ!» жинағы үшін түрмеге жабылып, бостандыққа шығысымен Түркістанда бас сауғалауға тура келді.

Осылайша Семейде шығару жоспарланған «Қазақ» газеті де, ұлы Абайдың тұңғыш шығармалар жинағы да, Ахметтің «Қырық мысалы» да жарық көрмей кейінге қалды.

Кадет партиясының хатшысы А. Корниловқа 1908 жылдың 9 желтоқсанында жазған хатында Әлихан С.-Петерборда қалмауының сырын «не нашёл себе «хлебной» работы» деп түсіндірді (РФМА, 447: 1). Ал тарихи фактыға сүйенсек, 1909 жылдың қаңтарында Әлиханның «майлы жұмысты» Самардан табуы, ал Ахметтің 1910 жылы Семей түрмесінен шыға сала Орынборды тандауы – екі қайраткердің өзара алдын-ала уәделескен мәселесі. Біріншіден, Самар мен Орынбор – «қойы қоралас» көрші облыстар, екеуінің арасы – Семей мен Өскемен арасындай. «Қазақ» газетін басқарып тұрған Ахметті 1914 жылдың күзінде түрмеге жапқанда, Самардан пәуескемен шұғыл жеткен Әлихан айыппұлын төлеп босатып алды (Міржақып, 1917, № 239: 1).

Егер «Серке», «Қазақстан» газеттері мен «Айқап» журналы оқыған және қалталы қазақтардың арасынан шыққан жекелеген халық жанашырының немесе халықшыл азаматтар тобының жеке бастамасымен пайда болса, «Қазақ» газеті – бүкіл ғұмырын халқының құқы мен азаттығы үшін күреске сарп еткен, қалың қазағының жарқын болашағын болжай білген ат төбеліндей топтың қиян-кескі күресінің жемісі болатын.

Екіншіден, «Азамат» серіктестігі жалғыз «Қазақ» газетін ғана емес, қазақтың тұңғыш зайырлы заманауи мектептеріне арналған тұңғыш оқулық кітаптарын, түрлі әдебиет, жинақ шығарды. Міне ұлт тіліндегі осы әдебиеттің бәрін үзбей шығару үшін «Алаш» қайраткерлері «Азамат» серіктестігінен басқа да тұрақты қаржы көздерін қарастырды. Самарда орталық кеңсесі орналасқан Дон жер банкі дәл сол қаражат көзінің біріне айналды. Әлихан 1909 жылдан банктің жер бағалайтын бас агенті болды. Новосібірлік тарихшы ғалым В. Козодой тапқан тың мәліметке сәйкес, газет жарыққа шыққан 1913 жылы Әлихан Ахметті осы банктің Орынбордағы филиалына жер бағалаушы агент ретінде қызметке тартқан (Козодой, 2021). Сөйтіп қазақтың тұңғыш жалпыұлттық басылымын, жекелеген қаржылай демеушілерді, «Азамат» серіктестігінің мүшелік жарналарынан басқа тағы бір тұрақты да сенімді қаржы көзімен қамтамасыз етті.

Алайда, отаршыл империя заманынан аман шыға білген «Қазақ» газеті совет өкіметінің Қазақстанға үстемдік орнатуға кіріскен алғашқы күндерінде-ақ – 1918 жылдың басында біржола жабылды.

**Қорытынды.** Кеңес өкіметі «Қазақ» газетін жойғанымен, қазақ үнін өшіре алмады. Ақпан төңкерісінің ізінше «Қазақпен» қатар Бөкейде «Ұран», Ташкентте «Бірлік туы», Қызылжарда «Жас азамат», Алаш қаласында алдымен «Сарыарқа», одан соң «Абай» журналдары жарық көрді. 1920 жылдың соңында Ташкентте шыға бастаған «Ақ жол» газетін «Қазақты» қайта тірілткен басылым деуге толық негіз бар. Алайда шынайы тәуелсіз басылым ретінде «Қазақ» газетінің бастап берген жолын ұстанған «Ақ жол» - тағы бір қазақ бөлшебегі Тұрар Рысқұлұлының 2 жыл бойы соңына түсіп 1926 жылы жаптырған соңғы тәуелсіз қазақ басылымы болды.

*Мақала 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми жобалар бойынша іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру бойынша АР09260561 «Ахмет Байтұрсынұлы. 12 томдық толық шығармалар жинағы. Қазақ және орыс тілдерінде» жобасын іске асыру негізінде аясында дайындалды.*



### Information about the authors:

**Zhussip Sultan Khan** – Research Institute "Alash" of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Nur-Sultan, Kazakhstan; <https://orcid.org/0000-0002-4090-3963>, E-mail: prahacz2002@gmail.com;

**M.M. Kozybayeva** – Of the branch of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology in Nur-Sultan. Nur-Sultan, Kazakhstan. <https://orcid.org/0000-0002-7223-2439>, E-mail: koz.mahabbat\_85@mail.ru.

### ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:

- «Азамат» серіктері. // «Қазақ» газеті. – 1917. – № 219, 23 ақпан. – 4 б.
- Әлихан, Міржақып, Ахмет. Алаштың азаматына! // «Қазақ» газеті. – 1916. – №192, 11 тамыз. – 1 б.
- Әлихан, Міржақып, Ахмет. Қазақ жұртына! // «Қазақ» газеті. – 1916. 11 тамыз. – № 192. – 1 б.
- Байтурсунов А., Дулатов М. Наш ответ докладной записке, напечатанной в №125 «Заря» от 5 сентября с.г. // Газета «Южный Урал». – 1917. – № 10, 14 сентября. – С. 1, 3-4.
- Баспахана туралы. // «Қазақ» газеті. – 1917. – № 214, 20 қантар. – 4 б.
- Беннигсен А., Лемерсье-Келькежей Ш. Пресса и национальное движение среди мусальман России до 1920 г. – Париж: Сорбонна, 1964.
- Бөкейхан Әлихан. Шығармалары / Сочинения. В 15 т. – Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2017. – 5 т. – 146 б.
- Бөкейханов А., Алмасұлы О., Дулатұлы М. 7 тамыз кеңесінің қаулысы. // «Қазақ» газеті. – 1916. – № 192, 11 тамыз. – 1 б.
- Букей-Хановъ Ал. Нурм. Открытое письмо киргизамъ Семипалатинской области. // Газета «Голось степи». – 1907. – № 7, 13 января. – С. 4.
- Букейханов А.Н. Киргизы. // Костелянский А.Н. (ред.). Формы национальнаго движения въ современных государствах. – СПб., 1910. – 600 с.
- Движение Алаш: Сборник материалов судебных процессов над алашевцами. Трехтомник. – Алматы: ФФ «Ел-шежіре», 2011. – Т. II.
- Жәрдем берілген мұқтаж оқушылар. «Қазақ» басқармасы жәрдем береді. // «Қазақ» газеті. – 1917. – № 220, 1 наурыз. – 4 б.
- Жүсіп С.А., Маслов Х.Б. Исторические аспекты участия казахов в Первой мировой войне. // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». – 2021. – № 3(27) // <https://edu.e-history.kz/ru/publications/view/1666>.
- Из Сибирской жизни: член Государственной думы от казахов Семипалатинской области Букейханов, Алихан Нурмухамедович. // Газета «Наша жизнь». – 1906. – 21 июня (4 июля). – 3 с.
- Козодой В.И. Алихан Букейхан: человек-эпоха. – Новосибирск, 2021. – 130 с.
- Краснояр облыстық өлкетану музейі (КОӨМ). 7928-қ. 117-т. 1315 ж-іс. 117-п. КОӨМ. 7928-қ. 119-т. 1315-іс. 119-п.
- «Қазақ» басқармасы. Тілестестеріне рақымет! // «Қазақ» газеті. – 1917. – №219, 23 ақпан. – 3 б.
- «Қазақ» газеті. / Бас ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1998. – 258 б.
- «Қазақ» газеті. 1913 жыл. / Араб қарпінен аударғандар: С. Смағұлова, Ф. Әнес, Т. Замзаева. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2015. – 34 б.
- «Қазақ» газеті. – 1915. – № 150, 21 қыркүйек. – 4 б.
- «Қазақ» газеті. – 1917. – № 216, 2 ақпан. – 4 б.
- «Қазақ» газеті. – 1917. – № 223, 23 наурыз. – 2 б.
- Қозыбаев М. Ахмет Байтұрсынов – XX ғасырдың ұлы реформаторы // Отан тарихы. – 1998. – №3. – 22-28 б.
- Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы (Кемекші оқу құралы). – Алматы: «Санат», 1995. – 368 б.
- Қойгелдиев М. Кеңестік идеология жасырған ақиқат. // «Жас Алаш». – 2016. – №78 (16160), 29 қыркүйек – 1-2 бб.

- Қыр баласы. Жалпы Сібір сиезі (Томскі қаласында өткен сиездің жұмысы туралы есеп). // «Қазақ» газеті. – 1917. – № 251, 21 қараша – 1 б.
- Қыр баласы. Ұят-ай! // «Қазақ» газеті. – 1914. – № 54, 16 наурыз – 4 б.
- Міржақып. «Қазақ» баспаханасы. // «Қазақ» газеті. – 1917. – № 239, 11 тамыз. – 1 б.
- Нүрпейісов К. Алаш Һәм Алашорда [текст]: Алашорда тарихы. – Алматы: «Ататек», 1995. – 256 б.
- Общество изучения Средней Азии. «Казахи о русских до 1917 года. А. Букейханов, М. Дулатов, А. Байтурсунов, Т. Рыскулов». - Оксфорд, Англия, 1985.
- Омск, 26-го августа. // «Иртыш». – 1906. – № 32, 26 августа. – 1 с.
- Ресей Федерациясының мемлекеттік архиві (РФМА). Д-7-қ. 1909-т. 2881-іс. 38-п.
- РФМА. 5102-қ. 1-т. 447-іс. 1-п.
- Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. – Алматы: Дайк-Пресс, 2014. – Т. 9.

#### REFERENCES:

- «Azamat» serikteri. [Companions of «Azamat»] // «Qazaq» gazetі. – 1917. – № 219, 23 aqpan. – 4 b. [Kazakh].
- Әlihаkn, Міrjaқыp, Аhmet. Alashtyn azamatyna! [To the citizen of Alash!] // «Qazaq» gazetі. – 1916. – №192, 11 тамыз. – 1 б. [Kazakh].
- Әlihаn, Міrjaқыp, Аhmet. Qazaq jurtyна! [To the Kazakh people!] // «Qazaq» gazetі. – 1916. – № 192, 11 тамыз. – 1 б. [Kazakh].
- Baitursunov A., Dulatov M. Nash otvet dokladnoi zapiske, napechatannoi v №125 «Zaria» ot 5 sentyabrya s.g. [Our answer to the report, printed in № 125 "Zarya" on September 5, 2018.] // Gazeta «Yuzhny Ural». – 1917. – № 10, 14 sentiabria. – S. 1, 3-4. [Russian].
- Baspahana turaly. [About the printing house] // «Қазақ» gazetі. – 1917. – № 214, 20 қантар. – 4 б. [Kazakh].
- Bennigsen A., Lemerse-Kelkejei Sh. Pressa i nacionalnoe dvijenіe sredi musulman Rossii do 1920 g. [Press and national movement among Muslim Russia until 1920] – Parij: Sorbonna, 1964. [Russian].
- Bokeikhan Alikhan. Shygarmalary [Works] / Sochineniia. V 15 t. – Astana: «Alashorda» qogamdyq qory, 2017. – 5 t. – 146 b. [Kazakh].
- Bokeikhanov A., Almasuly O., Dulatuly M. 7 тамыз kenesinin qaulysy. [Resolution of the Council of August 7.] // «Qazaq» gazetі. – 1916. – № 192, 11 тамыз. – 1 б. [Kazakh].
- Bukei-Hanov Al. Nurm. Otkrytoe pismo kirgizам Semipalatinskoi oblasti. [Open letter to Kyrgyz Semipalatinsk region] // Gazeta «Golos stepi». – 1907. – № 7, 13 yanvary. – S. 4. [Russian].
- Bukeihanov A.N. Kirgizy. // Kostelianskii, A.N. (red.). Formy nacionalnago dvijeniia v sovremennyh gosudarstvah. – SPb., 1910. – 600 s. [Russian].
- Dvijenіe Alash: Sbornik materialov sudebnyh processov nad alashevtsami. [Dvizhenіe Alash: Collection of materials of legal proceedings over Alashevtsami] Trehtomnik. – Almaty: FF «El-shejire», 2011. – T. II. [Russian].
- Jardem berilgen muqtaj oqushylar. «Qazaq» basqarmasy jardem beredi. [Aided needy students. "Kazakh" administration provides assistance.] // «Qazaq» gazetі. – 1917. – № 220, 1 nauryz. – 4 б. [Kazakh].
- Jysip S.A., Maslov H.B. Istoricheskie aspekty uchastiia kazahov v Pervoi mirovoi voine. [Historical aspects of the participation of Kazakhs in the First World War] // Elektronnyi nauchnyi jurnal «edu.e-history.kz». – 2021. – № 3(27) // <https://edu.e-history.kz/ru/publications/view/1666> [Russian].
- Iz Sibirskoi jizni: chlen Gosudarstvennoi dumy ot kazahov Semipalatinskoi oblasti Bukeihanov, Alihan Nurmuhamedovich. [From Siberian Life: Member of the State Duma of the Kazakh Semipalatinsk Region Bukeikhanov, Alikhan Nurmukhamedovich.] // Gazeta «Nasha jizn». – 1906. – 21 iunia (4 iulia). – 3 s. [Russian].

- Kozodoi V.I. Alihan Bukeihan: chelovek-epoha. [Alikhan Bukeikhan: man-era]– Novosibirsk, 2021. – 130 s. [Russian].
- Krasnoyarsk Regional Local History Museum (KRLHM). F. 7928. In. 117-t. C. 1315 zh. L.117. [Russian].
- KRLHM. F. 7928. In. 119. C. 1315. Sh. 119. [Russian].
- «Qazaq» basqarmasy. Tilestesterine raqymet! ["Kazakh" management. Thank you for your support!] // «Qazaq» gazetі. – 1917. – №219, 23 aqpan. – 3 b. [Kazakh].
- «Qazaq» gazety. / Bas red. A. Nysanbaev. – Almaty: «Qazaq enciklopediiasy», 1998. – 258 b. [Kazakh].
- «Qazaq» gazety. 1913 jyl. / Arab qarpinen audarǵandar: S. Smagulova, F. Anes, T. Zamzaeva. – Almaty: «Arys» baspasy, 2015. – 34 b. [Kazakh].
- «Qazaq» gazety. – 1915. – № 150, 21 qyrkyiek. – 4 b. [Kazakh].
- «Qazaq» gazety. – 1917. – № 216, 2 aqpan. – 4 b. [Kazakh].
- «Qazaq» gazety. – 1917. – № 223, 23 nauryz. – 2 b. [Kazakh].
- Qozybayev M. Akhmet Baitursynov – XX gasyrdyn uly reformatory [ Akhmet Baitursynov - the great reformer of the 20th century] // Otan tarihy. – 1998. – №3. – 22-28 b. [Kazakh].
- Qoigeldiev M. Alash qozǵalysy (Kemekshi oqu quraly). [Alash Movement (Auxiliary Study Guide)]– Almaty: «Sanat», 1995. – 368 b. [Kazakh].
- Qoigeldiev M. Kenestik ideologiiia jasyrǵan aqiqat. [The truth hidden by Soviet ideology] // «Jas Alash». – 2016. – №78 (16160), 29 qyrkyiek – 1-2 bb. [Kazakh].
- Qyr balasy. Jalpy Sibir siezi (Tomski qalasynda otken siezdin jumysy turaly esep). [General Siberian sieze (report on the work of the sieze held in Tomsk)] // «Qazaq» gazetі. – 1917. – № 251, 21 qarasha – 1 b. [Kazakh].
- Qyr balasy. Uyat-ai! [Shame!] // «Qazaq» gazetі. – 1914. – № 54, 16 nauryz – 4 b.
- Mirjaqyp. «Qazaq» baspahanasy. ["Kazakh" printing house] // «Qazaq» gazetі. – 1917. – № 239, 11 tamyz. – 1 b. [Kazakh].
- Nurpeiisov K. Alash hám Alashorda [tekst]: Alashorda tarihy. [Alash and Alashorda [text]: History of Alashorda] – Almaty: «Atatek», 1995. – 256 b. [Kazakh].
- Obscestvo izucheniia Srednei Azii. «Kazahi o russkih do 1917 goda. A. Bukeihanov, M. Dulatov, A. Baitursunov, T. Ryskulov» [Society for the Study of Middle Asia. "Kazakhs and Russians until 1917. A. Bukeikhanov, M. Dulatov, A. Baitursunov, T. Ryskulov"] - Oksford, Angliia, 1985. [Russian].
- Omsk, 26-go avgusta. [Omsk, August 26] // «Irtysh». – 1906. – № 32, 26 avgusta. – 1 s. [Russian].
- State archive of the Russian Federation (SARF). F. D-7. In. 1909. C. 2881. Sh. 38. [Russian].
- SARF. F. 5102. In. 1. C. 447. L.1. [Russian].
- Shoqai M. Shygarmalarynyn tolyq jinagy: On eki tomdyq. [Complete collection of works: Twelve volumes.] – Almaty: Daik-Press, 2014. – T. 9. [Kazakh].

[https://doi.org/10.51943/2710-3994\\_2022\\_30\\_2\\_249-252](https://doi.org/10.51943/2710-3994_2022_30_2_249-252)

**FTAMP 03.23.55**

## СЫН-ШҚІР

Нәбижан Мұқаметханұлы. «Халықаралық феномен: қазақ халқының бөлінуі мен тұтастану үдерісі» кітабына /Ред.: ҚР ҰҒА академигі Х.М. Әбжанов, тарих ғылымдарының докторы А.И. Құдайбергенова. – Алматы: «Қазақ университеті», 2021. – 250 б.

**К.Н. Балтабаева** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Қазақстан, Алматы.

\*Автор-корреспондент

E-mail: [kulgazira\\_777@mail.ru](mailto:kulgazira_777@mail.ru) (Балтабаева)

Рецензия «Отандастар қоры» коммерциялық емес Акционерлік қоғамының «Қазақтардың Қазақстанмен шекаралас мемлекеттердің аумақтарын қоныстану тарихын зерделеу» жобасын іске асыру шеңберінде әзірленді.

Нәбижан Мұқаметханұлын Қазақстандағы, Қытайдағы, тіптен әлемдегі қазақ диаспорасына таныстырудың қажеті жоқ, тек ғылымға енді ғана келген, тарихқа жаңадан ден қойып жүрен жас зерттеушілер болмаса. Автор әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің педагогикалық қызметін атқара жүріп, Қазақстан Республикасының 30 жылдығына арнап жазған «Халықаралық феномен: қазақ халқының бөлінуі мен тұтастану үдерісі» атты іргелі монографиясын жариялады. Мұнда ескеретін жайт, бұл еңбек мемлекет қаржыландыратын қандай да бір міндеттелген ғылыми жоба аясында орындалған жұмыс емес, автор өзінің жүрек қалауымен көп жылғы зерттеуінің тұжырымдамасы іспеттес құнды дүние. Одан біз автордың кәсіби тарихшы, қытайтанушы және саясаттанушы ғалым екенін аңғарамыз.

Аталмыш монография бес тараудан құралған. Онда XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап XX ғасырдың екінші жартысына дейінгі аралықта, қазақ диаспорасының қалыптасуына ықпал еткен негізгі оқиғаларды халықаралық қатынастардағы күрделі өзгерістерге байланыстырып пайымдайды. Зеттеуші бұл тақырып аясындағы өзіне дейінгі ғалымдардың тарихнамасын барынша оқып саралай отырып оң бағасын берген (9-13 бб.). Қазақстандағы Қытай, Моңғолия және Ираннан келген тарихшы, лингвист шығыстанушы қандас (репатрианттардың) ғалымдардың ғылыми еңбектерінің құндылығын жоғары бағалайды. Ал дереккөздерге тоқталғанда, естелік жанрындағы дерек материалдары ретінде пайдалану барысында, оларды басқада тарихи жазба құжаттармен салыстырып қолданудың қажеттілігін нақты мысалдармен атап көрсетеді. Сондай-ақ «...мемуарлық еңбек жазушылардың тарихқа да, жас ұрпаққа да, өзіне де жауапкершілікпен қарап, көздері көрген, басынан кешкен шындықты ғана жазып қалдырғаны абзал болар еді» (15 б.), - деп ескертеді.

Монографияның «Қазақ халқының бөліну үдерісі» деп аталатын бірінші тарауында, халқымыздың бөліну үдерісінің - еліміздің тағдырын басқа мемлекеттер шешуімен байланыстырып түсіндіреді. Оның себептерін Орталық Азиядағы халықаралық қатынастардағы өзгерістер негізінде қарастырады. XVIII ғасырдың 30-жылдары қазақ қоғамының саяси өміріне Ресейдің отарлық саяси факторының қосылғанын (21 б.), ал 50-жылдары «Шығыс бүйірден Цин империясының қысқан жағдайының қалыптасқанын» (25 б.) атап көрсетіп, қазақ даласының екі империяның таласына түскенін түсіндіреді.

Жұмыстың «Қазақтардың Қытай мемлекеті құрамында қалуы» атты параграфында, қазақтардың Алтай, Тарбағатайдағы және Іледегі атажұртына қалай көшіп барғаны және Цин империясының құрамында қалай қалып қойғаны тарихи құжаттар негізінде талданып көрсетіледі.



Автор Ресей мен қытайлық Цин империясы кезіндегі екі елдің әлеуметтік даму деңгейіндегі айырмашылық мәселесіне талдау жасайды. «Ол кезде патшалық Ресейде капиталистік өндірістің дами бастауына байланысты, оларға шикізат көздері және одан өндірілген өнімдері саудалайтын нарық қажет болды. Сондықтан олар экспанциялық бағытта – Қазақстан, Орталық Азия, одан әрі Үнді мұхитына бет алды. Бұл мақсатын іске асыру үшін орыс үкіметі әскериленген қоғамдық күшті, яғни баукеспе казактарды алға салып пайдалану саясатын қолданды», - дейді.

Ал Цин империясы ертеректе Жоңғар хандығының бақылауында болған қазақ жерлеріне саяси бақылау орнатуды көздеді. Сондықтан олар казактардың шығыстағы атажұртына қайта көшіп баруын шектеу саясатын қолданды. Алайда екі ел арасында саяси және экономикалық сауда байланыстарының өрістеуіне байланысты казактар шығысқа қарай жылжып көшіп отырды. Тіпті Цин империясының шекара қарауылдарынан өтіп барып қоныстанды. Сонымен Ресей отарындағы казактар және Цин империясына тәуелді казактар құбылысы қалыптасты. Қытай мен Ресей өздерінің қазақ даласындағы мемлекеттік шекарасын анықтап алу керек болды.

1864 жылдың 7 қазан күні Қытай мен Ресей өкілдері Шәуешек қаласында «Қытай-Ресей батыс-солтүстік шекараны делимитациялау келісіміне» қол қойды. Аталмыш Құжат бойынша қазақ жерінің Қытайға тиген бөлігіндегі казактар жерімен бірге Қытайға, ал Ресейге тән болған өңірдегі казактар тұрған жерімен бірге Ресейдің құрамына енді.

Содан кейін қытайлық ресми құжаттарда жаңа түсініктер қолданысқа енді: «Ресей казактары», «Ресейге қараған казактар» және «Қытай казактары», «Қытайға қараған казактар» деген жаңа қоғамдық құбылыс (феномен) қалыптасты. Цин империясы провинцияларды әскери-әкімшілік жүйемен басқарған. Іле және Тарбағатай өңірлерінің казактары Іле генерал-губернаторының басқаруына қарады, ал Алтай өңірі казактарды Улиастай генерал-губернаторының Қобдадағы уәзіріне басқартады. Алайда казактардың дәстүрлі қоғамдық басқару формасы сақталды. «Ақалақшы (Болыс), Мыңбасы, Үкіртай, Гун, Тайжи деген сияқты көптеген тең дәрежелі мансап титулдарын тағайындап, солар арқылы казактарға үстемдік жүргізді» (36 б.).

«Шет елдегі казактардың өмір сүрген қоғамдық ортасы» деп аталған екінші тарауында, казактардың Қытай Республикасы (1912–1949 жж.) кезіндегі қоғамдық жағдайы мен тіршілік тәсілдерін ашып көрсетеді. Содан кейін 1949 жылдан бергі Қытай Халық Республикасындағы қоғамдық өзгерістерді және олардың соңғы 70 жыл ішінде қазақ қауымдарының тағдыр-талайы, мәдениетіндегі дамуы мен тоқырауы тарихи тұрғыдан пайымдалады.

Қытайдағы казактардың жан санының өсуіне Қазақстаннан барған босқындардың үлкен ықпалы болғаны да пайымдалады: 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің қатысушылары және олардың отбасы мүшелері; Кеңес үкіметіндегі 1920–30 жылдардағы саяси жағдай, аштық пен саяси қуғын-сүргіннен бойтасалағандар қосылды. Бұл босқындардың келуімен Қытайдағы қазақ қауымының саны артып қана қоймай, олардың сапасы да өзгерді, - дейді. Соның нәтижесінде Қытайда тұрып жатқан казактар екі түрлі топтан құралады: басым көп бөлігі – кезінде шекара делимитациялаудан бұрын атажұртында барып орныққандар, яғни өздерін байырғы атажұртында отырмыз деп санайтындар; екінші топты құрайтындар - Кеңес Одағы кезінде түрлі себептермен ауып барғандар.

Автор архив құжаттарына сүйене отырып, Қытайдағы казактардың өмір сүрген қоғамдық ортасын тұжырымдап сипаттайды. Сондай-ақ Моңғолия жеріндегі казактар - XIX ғасырдың соңғы жартысында Қытайдың Алтай аймағынан көшіп барған Абақ-керей тайпалары және XX ғасырдың басында Шығыс Қазақстанның Марқакөл мен Зайсан аудандарынан босып барған Наймандардан қауымдасқан. Олардың Моңғол мемлекет құрамына қабылдану барысы ұзаққа созылғанын пайымдайды. Екінші тараудың екі параграфы Моңғолиядағы казактардың тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық ортасы және әлеуметтік дамуына арналған (40 б.). Оларды казактардан шыққан бір гун мен 15 үкірдай басқарды. Моңғолиядағы казактардың жайылымдық жерлерінің кеңдігі мен өміршең рухы олардың моңғол далаларында сақталып қалуы мен дамуына негіз болды. Ал Моңғол мемлекетінің дербестігі ондағы казактардың азаматтық алуына және әлеуметтік саяси істерге қатысуына алғышарт әзірледі деп тұжырымдайды автор.

Н. Мұқаметханұлы Қытайдағы қазақ босқындарының күрделі мәселелеріне ерекше мән беріп, оларға «Қазақтардың алыс шетелдерге босып кетуі» деген жеке параграф арнайды.

Автор Алтай аймағы қазақтарының ішкі көшіп-қонуының негізгі бес себептерін анықтайды, яғни олардың шығысқа үдере көшуі және Шэн Шицай губернаторының зұлымдық саясатының салдары, оның Кеңес Одағының қолдауымен жүргізген тағылық саясаты екенін талдап көрсетеді. 1940-шы жылдары Қытайдағы қазақ қауымының саны азайды, өйткені саяси өзгерістерге байланысты және Шыңжандағы қозғалыстарға орай қазақтардың елден шеттеп, тіпті шөл басып, тау асып алыс шетелдерге босып кеткен-ді.

Қытайдың оңтүстік батысынан Кашмирге өтіп барған босқын қазақтарды, 1953 жылы Түркия Республикасы қабылдайды. Автор Түркияның бауырлас халықтың тағдырына көрсеткен көмегін жоғары бағалайды. Түркия елі 3000-ға жуық қазақ босқындарды қабылдаған еді, олардың жан саны өсіп ХХ ғасырдың 80-ші жылдары 11 690 адамға жетті (60, 62 бб.). Қазақтар жаңа ортада еркіндікке қол жеткізе отырып өздерінің құқықтық және әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартты. Олардың біршамасы Еуропаға еңбек миграциясы ретінде қоныс аударып Франция, Германия, Ұлыбритания, Норвегия және т.б. елдерде тұрақтады. Еуропадағы қазақтардың жалпы санын, Қазақстан, Қытай, Моңғолия, Иран, Ауғанстаннан барған қазақтарды қосқанда жалпы саны 10 000 адам шамасында деп есептейді. «Бірақ заман өте келе олардың ұрпақтары қазақы болмысынан, ұлттық сана-сезімінен, ұлттық құндылықтардан айырылып бара жатқанын жасыра алмаймыз және ол үдерісті тоқтата да алмаймыз» деп үлкен өкінішпен тұжырым жасайды (63 б.).

III-тарау «Қазақ халқының ортақ ұлттық санасы» деп аталған, бұл бөлімде маңызды пәнаралық мәселелер қамтылған: «Қазақ халқында ұлттық ішкі бірліктің сақталуы», «Қазақы сананың әлеуметтік және рухани әлеуеті», «Қазақтардың ұлттық бауырмалдығы және мәдени байланыстары», «Қазақтардың саяси жатсынуы және этникалық танымы» деген тақырыптарды терең тарқатып сипаттайды.

IV-тарау «Тәуелсіздік және қазақ халқының жаңаша тұтастану үдерісі» деп аталады. Мұнда зерттеуші Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің арқасында қазақ халқының жаңа форматтағы біртұтастану үдерісін пайымдайды. Автордың пайымы бойынша, Қазақстандағы ұлттық бірегейлену үдерісінің дамуы – әлемнің төрт бұрышында жүрген қазақтарда ортақ ұлттық санасының болуына байланысты өрістеген. Шетелдерде өмір сүріп жатқан этникалық қазақтар, «бөтен» саяси мәдениеттің ықпалында ұшыраса да, олардағы қазақы сана-сезім оларды тарихи отаны - Қазақстанға «жұмсақ» оралуына ықпал етеді.

ХХ ғасырда қазақ халқы негізінен социалистік жүйедегі қоғамда өмір сүрді. Оларды мемлекеттік әкімшілік шекаралар бөліп тұрғанына қарамастан, қоғамдық-гуманитарлық ортадағы уақыт пен кеңістіктегі өздеріне ғана тән қасиеттерін сақтап қалды. Қытай, Моңғолия мен Қазақстан қазақтарының арасындағы халықтық коммуникация жалпы ұлттық сана-сезім мен құндылықтар талғамын сақтауға ықпал етті. Сондықтан да тәуелсіздік жағдайында шетелдердегі қазақтар Отанға оралып, жаңа тарихи дәуірде тұтастануға ойысты деп санайды автор. Сондай-ақ ол бүкіл ұлт болып, ел болып біртұтастанғанда ғана Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін қамтамасыз етеді деп тұжырымдайды.

Автор осы көзқарасын дәйектей түсу үшін монографиясының V тарауын «Қандастар және Мәңгілік ел болу» тақырыбына арнапты. Өте орынды. Бұл тарауда қандастардың (репатрианттардың) елдің әлеуметтік-экономикалық және рухани жаңғыруындағы атқарып отырған қызметін нақты мысалдармен айқын көрсеткен. Еліміздің демографиялық әлеуетінің артуына, бизнес кәсіпкерліктің дамуына, мемлекеттік тілдің қолданыс аясының кеңеюіне, отандық ғылым, білім беру саласы мен медицина-денсаулық қорғау істеріне қосқан қомақты үлестері нанымды пайымдаған.

Ғалым осы бір монографиясын жазарда жалпыәлемдік зерттеу әдістерін органикалық түрде қолданған: жүйелі талдау, синтез, дедукция, индукция статистикалық салыстыру және тарихи культурология т.б. Салыстырмалы-сәйкестік және мәселелік-хронологиялық әдістер хронологиясы аясында, алайда ол түрлі өңірлер, елдер мен жағдаяттағы тарихи құбылыстардың жалпылығы мен даралығын анықтауға мүмкіндік берген. Біз бұл жерде тек тарихи ілімнің кеңеюін ғана емес, сонымен бірге жаңа әдістемелік тәсілдерді көріп отырмыз, – қазақ халқының

тарихындағы тағдыршешті мәселелерді көтеру арқылы оның егемен Қазақстан тұрғысынан біртұтастығы мен бірегейлік заңдылығы ашылған.

Пәнаралық зерттеу нәтижесін автор «Қорытынды» бөлімінде егжей-тегжейлі пайымдаған. Монографияда «Пайдаланылған деректер тізімі», «Белгілер мен қысқартулар тізімі» берілген. Аңдатпа ағылшын және орыс тілдерінде, мазмұны – үш тілде жазылған.

Автор өзінің монографиясына эпиграф ретінде ұлы Абай Құнанбаевтың сөздерін берген:

«Бірінді қазақ бірін дос,  
Көрмесен істің бәрі бос».

Шындығында, Абай өсиеті бүгінгі әрқайсымызға, бүкіл қазақ әлеміне арналған ғой. Өсиетті орындау біздің парызымыз!

Оқырмандардың назарына ұсынып отырған Н. Мұқаметханұлының монографиясында қазақ халқының бірлігі, ұлттық біртұтастығы мен бірегейлену үдерісі сынды аса маңызды тақырыптар зерделенген. Еңбектің ғылыми құндылығы, практикалық маңызы да осында деп санаймыз. Еліміздің мызғымас іргетасы да ұлттық бірлікте.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылдың 6 наурызында № 280 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2020–2030 жылдарға арналған сыртқы саясаты Тұжырымдамасының адам құқығы, гуманитарлық дипломатия саласында «шетелдегі қазақ қауымы шоғырлы тұратын жерлерде қазақ тілі мен мәдениетін дамытуға, олардың тарихи отанымен байланысын, соның ішінде Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы және «Отандастар» Қоры арқылы қолдау» атап көрсетілген. Сондықтан мемлекетіміздің шетелдердегі этникалық қазақтармен байланысы дами түседі, дәстүрге айналған қандастардың көші-қоны жаңа Қазақстан жағдайында өз жалғасын табады деп сенеміз.

#### **Information about the authors:**

**K.N. Baltabayeva** – Al-Farabi Kazakh National University. Kazakhstan, Almaty. E-mail: [kulgazira\\_777@mail.ru](mailto:kulgazira_777@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0002-6641-5802>.

## МАЗМҰНЫ

<b>Абдулина А.Т.</b> ҚАЗАҚСТАННЫҢ НЕГІЗГІ ЭТНОС ӨКІЛДЕРІНІҢ ТІЛДЕРІ МЕН МӘДЕНИЕТТЕРІ ЭТНОСАРАЛЫҚ КЕЛІСІМНІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МОДЕЛІ ПРИЗМАСЫ АРҚЫЛЫ.....	4
<b>Әділбаева А.С., Жақыпова Т.У.</b> ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕРДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ (XX ғ. 20-30 жж.).....	18
<b>Акымбек Е.Ш., Мухтарова Г.Р., Железняков Б.А.</b> МОҢҒОЛ ДӘУІРІНЕ ДЕЙІНГІ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БУДДИЗМ ТАРИХЫНЫҢ ЕКІ КЕЗЕҢІ ХАҚЫНДА.....	32
<b>Алдажұманов Қ.С., Қыпшақбаев Қ.З.</b> ҚАЗАҚСТАННЫҢ АДАМ ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ РЕСУРСТАРЫН КСРО-НЫ ҚОРҒАУҒА ЖҰМЫЛДЫРУ.....	48
<b>Бекназаров Р.А., Кушкарлова Г.К., Бақтығали Ж.Б.</b> АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ПОЛЯКТАРДЫҢ ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҮШЫРАУ ТАРИХЫ.....	65
<b>Жұмағалиев Д.А., Арынова З.Қ.</b> ОТАНДЫҚ ТАРИХШЫЛАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АСА МАҢЫЗДЫ ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУЫ МЕН БАҒАЛАУЫ (ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША).....	77
<b>Жамбулатов К.А.</b> БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КЕЙІНГІ САРМАТ МӘДЕНИЕТІНЕ ТӘН ЖЕРЛЕУ ҒҮРПЫ.....	91
<b>Жүсіп Сұлтан-Хан, Қозыбаева М.М.</b> ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН, АХМЕТ БАЙТҮРСЫНҮЛЫ ЖӘНЕ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНІҢ ФЕНОМЕНІ.....	101
<b>Закарья Р.</b> ЕУРОПАЛЫҚ ЭМИГРАНТТАРҒА ҚАТЫСТЫ КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ РЕПРЕССИЯЛЫҚ САЯСАТЫ.....	112
<b>Ибраева А.Ғ., Темирханова А.С., Садықов Т.С.</b> АКАДЕМИК МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ ЖӘНЕ ЭТНОС ТАРИХЫНЫҢ ГЕНЕЗИСТІК МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	125
<b>Исаев М.С., Шаметов С.Т., Джаппарова Р.Т.</b> КЕҢЕСТІК БИЛІКТІҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕШІТТЕРГЕ ҚАРСЫ САЯСАТЫ (1918-1953 жж.).....	134
<b>Көмеков Б.Е., Ташқараева Ә.М.</b> «ШЕЖІРЕ-И-ТАРАКИМЕ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ АУЫЗША ТАРИХ ДӘСТҮРІ: ДЕРЕКТЕМЕЛІК ТАЛДАУ ЖӘНЕ ТӘПСІРЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	146
<b>Крупко И.В., Бұрханов Б.Б.</b> ОТАРЛАУДАН КЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНЫҢ ТАРИХИ ЖАДЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТАРИХНАМАЛЫҚ НАРРАТИВТЕРІ.....	158



<b>Құрманов З.К.</b> ҚЫРҒЫЗ МЕМЛЕКЕТТІГІНІҢ НЕГІЗГІ САЛУШЫ ӘКЕЛЕРІ ТУРАЛЫ.....	168
<b>Құрманалина Н.Н., Мұхатова О.Х., Қуанбай О.Б.</b> РЕВОЛЮЦИЯҒА ДЕЙІНГІ ТАРИХНАМАДАҒЫ КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМОВ.....	177
<b>Қуанбай О.Б.</b> ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫ ТУРАЛЫ МҰРАҒАТТЫҚ ҚҰЖАТТАР (XVIII – XIX Ғ. АЛҒАШҚЫ ЖАРТЫСЫ).....	187
<b>Қозыбаева М.М.</b> СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1921-1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШТЫҚ; ЗЕРТТЕЛМЕГЕН БЕТТЕР.....	201
<b>Раздыков С.З., Досымбетов Н.А.</b> СЫРДАРИЯ ӨңІРІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ СУЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ.....	209
<b>Сабденова Г.Е., Байгунаков Д.С.</b> ЕСІМ ЖӘНЕ ТҮРСЫН ХАНДАР АРАСЫНДАҒЫ ТАЛАС-ТАРТЫСТЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	221
<b>Хайдаров Е.Е.</b> БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚ КӨТЕРІЛІСТЕРІ (1928-1932 жж.) (Жәнібек, Шыңғырлау аудандары материалдары негізінде).....	234
<b>Сын-пікір Рецензия Review</b>	
<b>К.Н. Балтабаева</b> НӘБИЖАН МҰҚАМЕТХАНҰЛЫ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЕНОМЕН: ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БӨЛІНУІ МЕН ТҮТАСТАНУ ҮДЕРІСІ. КІТАБЫНА СЫН – ПІКІР.....	249

## СОДЕРЖАНИЕ

<b>Абдулина А.Т.</b> ЯЗЫКИ И КУЛЬТУРЫ ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ ОСНОВНЫХ ЭТНОСОВ КАЗАХСТАНА ЧЕРЕЗ ПРИЗМУ КАЗАХСТАНСКОЙ МОДЕЛИ МЕЖЭТНИЧЕСКОГО СОГЛАСИЯ.....	4
<b>Адильбаева А.С., Джакипова Т.У.</b> НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЭТНОДЕМОГРАФИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ В ВОСТОЧНОМ –КАЗАХСТАНЕ В 20-30-е ГОДЫ ХХ ВЕКА.....	18
<b>Акымбек Е.Ш., Мухтарова Г.Р., Железняков Б.А.</b> О ДВУХ ЭТАПАХ ИСТОРИИ БУДДИЗМА В ЮГО-ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ ДОМОНГОЛЬСКОГО ПЕРИОДА.....	32
<b>Алдажуманов К.С., Кыпшакбаев К.З.</b> МОБИЛИЗАЦИЯ ЛЮДСКИХ И МАТЕРИАЛЬНЫХ РЕСУРСОВ КАЗАХСТАНА НА ОБОРОНУ СССР.....	48
<b>Бекназаров Р.А., Кушкарлова Г.К., Бақтығали Ж.Б.</b> ИСТОРИЯ РЕПРЕССИИ ПОЛЯКОВ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	65
<b>Джумагалиев Д.А., Арынова З.К.</b> ВОСПРИЯТИЕ И ОЦЕНКА ОТЕЧЕСТВЕННЫМИ ИСТОРИКАМИ НАИБОЛЕЕ ЗНАЧИМЫХ В КАЗАХСТАНЕ ИСТОРИЧЕСКИХ ЛИЧНОСТЕЙ (ПО РЕЗУЛЬТАТАМ СОЦИОЛОГИЧЕСКИХ ОПРОСОВ).....	77
<b>Жамбулатов К.А.</b> ПОГРЕБАЛЬНЫЙ ОБРЯД ПОЗДНЕСАРМАТСКОЙ КУЛЬТУРЫ ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА.....	91
<b>Жусип Сұлтан-Хан, Козыбаева М.М.</b> АЛИХАН БУКЕЙХАН, АХМЕТ БАЙТУРСЫНУЛЫ И ФЕНОМЕН ГАЗЕТЫ «ҚАЗАҚ».....	101
<b>Закарья Р.</b> РЕПРЕССИВНАЯ ПОЛИТИКА СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ ПО ОТНОШЕНИЮ К ЕВРОПЕЙСКИМ ЭМИГРАМТАМ.....	112
<b>Ибраева А.Г., Темирханова А.С., Садыков Т.С.</b> АКАДЕМИК МАНАШ КОЗЫБАЕВ И ГЕНЕЗИСНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИИ ЭТНОСА.....	125
<b>Исаев М.С., Шаметов С.Т., Джаппарова Р.Т.</b> ПОЛИТИКА СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ ПРОТИВ МЕЧЕТЕЙ В КАЗАХСТАНЕ (1918-1953 гг.).....	134
<b>Кумекон Б.Е., Ташкараева Ә.М.</b> УСТНАЯ ИСТОРИЧЕСКАЯ ТРАДИЦИЯ В ПРОИЗВЕДЕНИИ «ШЕЖИРЕ-И-ТАРАКИМЕ»: ВОПРОСЫ ИСТОЧНИКОВЕДЧЕСКОГО АНАЛИЗА И ИНТЕРПРЕТАЦИИ.....	146
<b>Крупко И.В., Бурханов Б.Б.</b> ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЕ НАРРАТИВЫ ПОСТКОЛОНИАЛЬНЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА.....	158

<b>Курманов З.К.</b> ОБ ОТЦАХ – ОСНОВАТЕЛЯХ КЫРГЫЗСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ.....	168
<b>Курманалина Н.Н., Мухатова О.Х., Куанбай О.Б.</b> КЕНЕСАРЫ КАСЫМОВ В ДОРЕВОЛЮЦИОННОЙ ИСТОРИОГРАФИИ.....	177
<b>Куанбай О.Б.</b> АРХИВНЫЕ МАТЕРИАЛЫ О КАЗАХСКИХ БАТЫРАХ (XVIII – ПЕРВАЯ ПОЛОВИНА XIX в.).....	187
<b>Козыбаева М.М.</b> ГОЛОД 1921-1922 ГОДОВ В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ: НЕИЗУЧЕННЫЕ СТРАНИЦЫ.....	201
<b>Раздыков С.З., Досымбетов Н.А.</b> ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ ИРРИГАЦИОННОЙ СИСТЕМЫ КАЗАХОВ СЫРДАРЬИНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	209
<b>Сабденова Г.Е., Байгунаков Д.С.</b> НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ПРОТИВОСТОЯНИЯ ЕСИМ ХАНА И ТУРСУН ХАНА (ПО МАТЕРИАЛАМ ШЕЖИРЕ И УСТНОЙ ИСТОРИИ).....	221
<b>Хайдаров Е.Е.</b> НАРОДНЫЕ ВОССТАНИЯ В ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ (1928-1932 гг.) (На основе материалов Джанибекского, Чингирлауского районов).....	234
<b>Рецензия Сын-пікір Review</b>	
<b>К.Н. Балтабаева</b> РЕЦЕНЗИЯ НА КНИГУ: НӘБИЖАН МҰҚАМЕТХАНҰЛЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЕНОМЕН: ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БӨЛІНУІ МЕН ТҮТАСТАНУ ҮДЕРІСІ.....	249

## CONTENTS

<b>Abdulina A.T.</b> LANGUAGES AND CULTURES OF REPRESENTATIVES OF THE MAIN ETHNIC GROUPS OF KAZAKHSTAN THROUGH THE PRISM OF THE KAZAKH MODEL OF INTERETHNIC CONSENT.....	4
<b>Adilbaeva A.S., Dzhakipova T.U.</b> MAIN DEPARTMENTS OF ETHNODEMOGRAPHIC PROCESSES IN EASTERN KAZAKHSTAN REGION FOR 20-30 YEARS OF THE XX CENTURY.....	18
<b>Akymbek Y.Sh., Mukhtarova G.R., Zheleznyakov B.A.</b> ABOUT TWO STAGES OF THE HISTORY OF BUDDHISM IN THE SOUTHEASTERN KAZAKHSTAN OF THE PRE-MONGOL PERIOD.....	32
<b>Aldazhumanov K.S., Kypshakbayev K.Z.</b> MOBILIZATION OF HUMAN AND MATERIAL RESOURCES OF KAZAKHSTAN FOR THE DEFENSE OF THE USSR.....	48
<b>Beknazarov R.A., Kushkarova G.K., Baktygali Zh.B.</b> THE HISTORY OF REPRESSION OF POLES OF AKTOBE REGION.....	65
<b>Jumagaliyev D.A., Arynova Z.K.</b> PERCEPTION AND ASSESSMENT BY KAZAKH HISTORIANS OF THE MOST SIGNIFICANT HISTORICAL PERSONS IN KAZAKHSTAN (BY THE RESULTS OF SOCIOLOGICAL SURVEYS).....	77
<b>Zhambulatov K.</b> FUNERAL RITE OF THE LATE SARMATIAN CULTURE OF WESTERN KAZAKHSTAN.....	91
<b>Zhussip Sultan-Khan, Kozybayeva M.M.</b> ALIKHAN BUKEYKHAN, AKHMET BAITURSYNULY AND THE PHENOMENON OF THE NEWSPAPER «KAZAKH».....	101
<b>Zakarya R.</b> THE REPRESSIVE POLICY OF THE SOVIET GOVERNMENT TOWARDS EUROPEAN EMIGRANTS.....	112
<b>Ibraeva A.G., Temirkhanova A.S., Sadykov T.S.</b> ACADEMICIAN MANASH KOZYBAYEV AND THE GENESIS PROBLEMS OF THE HISTORY OF THE ETHNOS.....	125
<b>Issayev M.S., Shametov S.T., Dzhapparova R.T.</b> THE POLICY OF THE SOVIET AUTHORITY AGAINST MOSQUES IN KAZAKHSTAN (1918-1953).....	134
<b>Kumekov B., Tashkarayeva A.</b> ORAL HISTORICAL TRADITION IN THE WORK "SHEZHIRE-I-TARAKIM": ISSUES OF SOURCE ANALYSIS AND INTERPRETATION.....	146
<b>Krupko I.V., Burkhanov B.B.</b> HISTORIOGRAPHICAL NARRATIVES POSTCOLONIAL STUDIES HISTORICAL MEMORY OF THE KAZAKH SOCIETY.....	158



<b>Kurmanalina N., Muhatova O., Kuanbay O.</b> KENESARY KASSYMOV IN PRE-REVOLUTIONARY HISTORIOGRAPHY.....	168
<b>Kurmanov Z.</b> ABOUT THE FOUNDING FATHERS OF THE KYRGYZ STATEHOOD.....	177
<b>Kuanbay O.</b> ARCHIVAL MATERIALS ABOUT KAZAKH BATYRS (XVIII - FIRST HALF OF XIX CENTURIES).....	187
<b>Kozybayeva M.M.</b> THE FAMINE OF 1921-1922 IN NORTH KAZAKHSTAN: UNSTUDIED PAGES.....	201
<b>Razdykov S.Z., Dossymbetov N.A.</b> THE HISTORY OF STUDYING THE IRRIGATION SYSTEM OF SYRDARYAN KAZAKHS.....	209
<b>Sabdenova G.E., Baigunakov D.S.</b> SOME ISSUES OF THE CONFRONTATION BETWEEN YESSIM KHAN AND TURSUN KHAN (BASED ON THE MATERIALS OF SHEZHIRE AND ORAL HISTORY).....	221
<b>Khaidarov E.</b> PEOPLE'S UPRISINGS IN THE WESTERN KAZAKHSTAN REGION (1928-1932) (Based on the materials of Dzhanibek, Chingirlau districts).....	234
<b>Review</b> <b>Сын-пікір</b> <b>Рецензия</b>	
<b>K.N. Baltabayeva</b> REVIEW OF THE BOOK: NABIZHAN MUKAMETKHANULY. INTERNATIONAL PHENOMENON: THE PROCESS OF SEPARATION AND UNIFICATION OF THE KAZAKH PEOPLE.....	249

**Редакцияның мекен-жайы:**  
050010, Қазақстан Республикасы  
Алматы қ., Шевченко көш., 28,  
ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты  
«**edu.e-history.kz**» журналының редакциясы  
Телефон: +7 (727) 261-67-19  
**E-mail:** edu.history@bk.ru  
**Электрондық мекен-жайы:** [www.edu.e-history.kz](http://www.edu.e-history.kz)

Журнал 2013 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркеліп, № 14602-ИА куәлігіне ие болды.